«GFM МҚҰ» ЖШС
қатысушыларының
жалпы жиналысымен бекітілген
2025 ж. «29» тамыздағы №15 Хаттама

«GoldFinMarket микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің микрокредиттер беру қағидалары

Шәуілдір а., 2025 ж.

р/с	Атауы	Бет
1.	Жалпы ережелер	2
2.	Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі	2
3.	Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібі	4
4.	Микрокредиттің шекті сомалары және оны беру мерзімдері	5
5.	Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары	5
6.	Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі	6
7.	МҚҰ қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар	7
8.	Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары	8
9.	Микрокредитті өтеу әдістері	9
10.	Клиенттердің микрокредит беру процесінде туындайтын жолданымдарын қарау тәртібі	9
11.	МҚҰ мен Клиенттердің құқықтары мен міндеттері және олардың жаупкершілігі	11
12.	Төлемге қабілетсіз Қарыз алушылармен жұмыс істеу тәртібі	15
13.	Қорытынды ережелер	16

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы "GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі- Қағидалар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Қағидалар МҚҰ қызметінің тәртібін, шарттарын, негізгі қағидаттарын белгілейді.

1.3. «GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің - жеке және заңды тұлғаларға кепілсіз және кепілмен (жылжымалы, жылжымайтын мүлік) микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырушы ұйым.

1.4. Микрокредиттік өнімдерге қарай МҚҰ Қарыз алушылары мыналар болуы мүмкін:

- әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – 21 жастан бастап Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды тұлғалар;
- жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары;
- жеке кәсіпкерлер тобы – жеке кәсіпкерлер тобы мүшелерінің ортақ жауапкершілігі.

1.5. Осы Қағидалардың көшірмесі Клиенттердің көру үшін қолжетімді орындарда, сондай-ақ МҚҰ интернет-ресурсында орналастырылады.

1.7. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

«МҚҰ» - «GoldFinMarket Микроқаржыұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«Заң» – Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңы;

«Микрокредит бойынша сыйақы»- МҚҰ-на тиесілі ақшаның жылдық көлемінің есебінен микрокредиттің сомасына пайызды түрде анықталған берілген микрокредит үшін ақы;

«Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі» - уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелетін микрокредит бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

«Қарыз алушы»- МҚҰ-мен микрокредит беру шартын жасаған жеке немесе заңды тұлға;

«Өтініш беруші» – МҚҰ-ға микрокредит алу туралы өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

«Клиент» – МҚҰ-мен микрокредит беру туралы шарт жасасқан немесе микрокредит алуға өтініш берген (бергісі келетін) жеке немесе заңды тұлға;

«Кредит Комитеті» - МҚҰ-ның кредит саясатын жүргізетін алқалы органы немесе МҚҰ-ның кредиттік өтінімдерді қарау бөлігіндегі кредит комитетінің функциялары жүктелген уәкілетті тұлғасы;

«Микрокредит» - МҚҰ-ның қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен микрокредит беру туралы шартта белгіленген көлемде және тәртіпте беретін ақшасы;

«Микрокредит шарттары» - сыйақы, қарыз алушының міндеттемелерін орындауының қамсыздандыруы мөлшерін, микрокредитті өтеу мерзімдерін, сондай-ақ әрбір жеке микрокредит бойынша тәуекелді азайтуға бағытталған айрықша шарттарды қоса алғанда оларға сәйкес микрокредит берілетін шарттар;

«Уәкілетті орган» – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды іске асыратын мемлекеттік орган.

2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі

2.1. Өтініш беруші алғаш рет жүгінген кезде, МҚҰ қызметкері микрокредит шарттары бойынша және қажетті құжаттардың тізбесі бойынша алдын ала консультация жүргізеді, ал микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін толық және нақты ақпарат ұсынады:

✓ микрокредит беру талаптары туралы;

✓ микрокредит беру мерзімі туралы;

✓ микрокредиттің шекті сомасы туралы;

✓ сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен не тіркелген сомадағы мөлшері, шынайы жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (нақты құны), сондай-ақ Өтініш берушінің өтініш берген күнге микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы;

✓ МҚҰ-ның пайдасына микрокредит алуға және қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты тарифтер мен өзге де шығыстардың толық тізбесі мен мөлшері туралы;

✓ оның микрокредит алуға/қайтаруға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ МҚҰ-мен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған және талаптартар бұзылған жағдайда, жауапкершілігі және ықтимал тәуекелдері туралы;

✓ Кепіл берушінің, Кепілдік берушінің, Кепілгердің және микрокредитті қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі туралы;

✓ микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер, оның ішінде артық төлем туралы;

✓ Өтініш берушінің қалауы бойынша –микрокредит беру туралы шарттың жобасын;

✓ қосымша қызметті алу шартымен микрокредит беру туралы және қосымша қызметті алуға байланысты Өтініш беруші жасайтын өзге де шарттар туралы ақпаратты, оның ішінде қосымша шығыстардың болуы туралы;

✓ қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар туралы;

✓ Клиенттің МҚҰ-на, микроқаржы омбудсманына немесе сотқа көрсетілетін микроқаржылық қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде оның жүгіну құқығы туралы. Осы мақсатта Клиентке МҚҰ-ның, микроқаржы омбудсманының орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары және интернет-ресурстары (бар болса) туралы ақпарат беріледі;

✓ Өтініш берушіде туындаған мәселелер бойынша кеңес берді;

✓ Клиент ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

2.2. Өтініш берушіге, Заңға сәйкес жеке ақы төлеу міндетімен көрсететін қосымша қызмет ұсынылған кезде, МҚҰ микрокредит беру туралы шартты жасағанға дейін:

✓ Өтініш берушіге қосымша қызметтің (қызметтердің) мазмұны мен құны туралы толық әрі дұрыс ақпаратты ұсынады;

✓ микрокредитті беру Өтініш берушінің қосымша қызметті алу келісіміне байланысты емес екенін түсіндіреді;

✓ Өтініш берушінің әрбір қосымша қызметті алу туралы жеке өтінішпен расталатын еркін, саналы таңдауын қамамасыз етеді;

✓ өмірді және (немесе) жазатайым оқиғалардан (ауырған жағдайда) сақтандыру түріндегі қосымша қызметті таңдаған жағдайда, Өтініш беруші қызметтерін сатып алуға ниетті сақтандыру ұйымын дербес айқындайды.

2.3. Микрокредит беруге өтінішке қол қойю арқылы, Өтініш беруші осы Қағидалармен танысып және онымен келісетінін растайды.

2.4. Қажетті құжаттар топтамасын қоса бере отырып, микрокредит алуға өтініш қабылданғаннан кейін, МҚҰ қызметкері Қарыз алушының микрокредит беру бойынша төлем қабілеттілігіне, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне толық зерттеу және талдау жүргізеді.

2.5. МҚҰ Өтініш берушіге микрокредит беруден бас тартады:

✓ Өтініш беруші жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде;

✓ қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және/немесе төлем қабілеттілігінің жеткіліксіздігі не Қарыз алушының жоғары борыштық жүктемесі коэффициенті жоғары болуына байланысты микрокредитті уақтылы қайтармау бойынша тәуекел болған кезде;

✓ жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз, тіркелуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредиттерді беруіге, келісімді алу тәртібі және келісім қажет болатын тұтынушылық микрокредиттің ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады;

✓ жиырма бір жасқа толмаған не елу бес жастан асқан жеке тұлғаға оның келісімінсіз кепілмен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беруге;

✓ Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз микрокредит беру, оны алу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады;

✓ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызметті өткеруі кезеңінде, егер мұндай әскери қызметшілерді мерзімді әскери қызметке шақыру туралы мәліметтер болса.

2.6. Жеке тұлғалардың микрокредит алуға өтініштерін қарау барысында МҚҰ өзіндік әдістеме негізінде борыш жүктемесінің коэффициентін есептейді немесе кредит бюросының қызметтерін пайдаланылады. Көрсетілген коэффициент уәкілетті орган белгілеген көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда, МҚҰ-на жеке тұлғаға микрокредиттер беруге тыйм салынады.

2.7. МҚҰ жауапты қызметкері өтінішті, микрокредит беру туралы түпкілікті шешім қабылдау үшін Кредит Комитеттің қарауына жолдайды.

2.8. МҚҰ микрокредитті алу жөніндегі өтінішті 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды және Өтініш берушіге микрокредит беруден бас тартуға, сонымен қатар Өтініш берушінің микрокредитті алу мүмкіндігін анықтайтын МҚҰ қағидаттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі үшін микрокредиттің сомасын, мерзімін және басқа да шарттарын өзгертуді ұсынуға құқылы.

МҚҰ осы Қағидаларда, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының ережелерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарында көзделген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынбаған не ұсынған жағдайда микрокредит беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2.9. МҚҰ тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ауызша немесе Клиенттің өтініші бойынша бас тарту себептерін көрсете отырып, Өтініш берушіге микрокредит беру немесе беруден бас тарту туралы хабарлайды.

2.10. Микрокредит беру/микрокредитті мақұлдау туралы шешімнің қолданылу мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды. Осы мерзім ішінде Өтініш беруші микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін микрокредит алудан бас тартуға құқылы.

2.11. Оңтайлы шешім қабылданған жағдайда МҚҰ Өтініш берушімен микрокредит беру туралы шарт (кепілзат шарты, шағыннесие желісін ашу шарты, кепілдік беру шарты) жасасады.

2.12. Микрокредитті беру қолма қол тәртіппен МҚҰ кассасы арқылы немесе қолма қол ақшасыз тәртіппен Қарыз алушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен немесе (не) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатындағы, оларды алғанын Қарыз алушы растайтын, тауарлардыдың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің Сатушының (жеткізушінің) банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

3. Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібі

3.1. МҚҰ-ның қарыз операцияларын жасау кезінде Қарыз алушылармен қатынастары

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жасалатын микрокредит беру туралы шарттар негізінде құрылады.

3.2. Микрокредит беру туралы шарт Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып, мәміленің жазбаша нысанында мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

3.3. Микрокредитті беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, талаптарына қойылатын талаптар, микрокредитті өтеу кестесінің нысаны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3.4. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарттарында микрокредит беру туралы шарт жасасу кезінде:

- шарттың бір бөлігі «Қосылу туралы шарт» МҚҰ-ның www.gfm.kz интернет-ресурсында электрондық нұсқада жарияланған, оған қол қойылмайды, бірақ екі тарап та онымен танысып, орындауға міндетті,

- шарттың бір бөлігі «Қосылу туралы өтініш» қағаз нұсқада МҚҰ-ның уәкілетті өкілі және Қарыз алушы қол қояды, олар берілетін микрокредиттік өнімге байланысты қосымша арнайы шарттарды қамтуы мүмкін.

3.5. Қосылу туралы өтініш және Қосылу туралы шарты бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және микрокредит беру туралы шарттың бірыңғай құжатын құрайды.

3.6. Өтініш беруші микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін, микрокредит беру туралы шешімнің қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімде микрокредит беру туралы шартпен және өтеу кестесімен танысуға құқылы.

3.7. Микрокредитті беру туралы шарт жөніндегі ақпарат міндетті түрде Қазақстан Республикасының кредит бюролары және кредит тарихтарын қалыптастыру туралы заңнамасында белгіленген талаптармен мемлекеттің қатысуымен кредит бюроларына ұсынылуы тиіс.

3.8. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

- МҚҰ мәліметтерді қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

- МҚҰ "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға міндетті.

3.9. Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит талаптарының өзгеруі, оның ішінде микрокредитті қайта құрылымдау кезінде микрокредит беру туралы шартқа, кепіл шартына, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты басқа шарттарға қосымша келісім ресімдеу арқылы ресімделеді.

4. Микрокредиттің шекті сомалары және оны беру мерзімдері

4.1. МҚҰ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.

4.2. МҚҰ-да микрокредит беру және өтеу, микрокредит беру туралы шартта МҚҰ және Қарыз алушы арасында келісілген микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

4.3. Микрокредит беру мерзімдері микрокредит шарттарына байланысты МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалады.

Микрокредит берудің шекті мерзімі-180 (жүз сексен) айға дейін.

5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

5.1. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:

- сыйақының минималды жылдық мөлшерлемесі – жылдық 0,1 (нөл бүтін оннан бір) %;
- сыйақының максималды жылдық тиімді мөлшерлемесі – 46 (қырық алты) %.

6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі

6.1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы микрокредит беру туралы шартта белгіленген көлемде және мерзімде төленеді.

6.2. Микрокредит бойынша сыйақыны есептеу кезінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күнге және айдағы нақты күндер санына тең уақытша база пайдаланылады.

6.3. Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны төлеуі микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне сай іске асырылады.

6.4. Микрокредит бойынша сыйақыны есептеу мына формуламен іске асырылады.

$$I = S * \frac{i*n}{360},$$

мұнда

I – сыйақы сомасы;

S –микрокредит бойынша негізгі қарыздың қалдығы;

i –микрокредит бойынша сыйақының жылдық мөлшерлемесі;

n – кезеңдегі пайыздар есептелетін күндердің саны.

6.5. Сыйақыны есептеу пайыздарды есептеудің жай әдісімен жүргізіледі. Пайыздарды есептеудің жай әдісі деп пайыздарды тек микрокредит бойынша берешектің қалдығына ғана есептеуді ұғынған жөн.

6.6. Микрокредитті мерзімінен бұрын өтегенде, ішінара-мерзімінен бұрын өтегенде сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланған күндердің нақты санымен жүргізіледі.

6.7. Сыйақыны есептеу мақсаттары үшін микрокредитті берген күн мен микрокредитті қайтару жөніндегі міндеттемені толық орындаған күн бір күн болып қабылданады.

6.8. Қарыз алушы берешегін өтеген кезде МҚҰ ақша қаражаттарын мынадай кезектілікпен берешекті өтеуге жұмсайды:

жеке тұлғалар үшін:

• негізгі қарыз;

• есептелген сыйақы.

заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары үшін:

• есептелген сыйақы;

• негізгі қарыз.

6.9. Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

жеке тұлғалар үшін:

1) негізгі қарыз бойынша берешек;

2) сыйақы бойынша берешек;

3) микрокредитті беру туралы шартта белгіленген көлемдегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі қарыздың сомасы;

5) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы;

6) МҚҰ-ның орындауды алу жөніндегі шығасылары.

заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары үшін:

1) МҚҰ-ның берешекті өндіріп алу жөніндегі шығындары;

2) айыппұлдар;

3) сыйақы бойынша және негізгі борыш бойынша мерзімі өткен берешекке есептелген өсімпұл;

4) мерзімі өткен сыйақы;

5) мерзімі өткен негізгі қарыз;

6) микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы;

7) негізгі қарыз.

6.10. Егер өтеу сомасы Қарыз алушының міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, МҚҰ Кредит Комитетінің шешімі бойынша заңды тұлғалар үшін микрокредит беру туралы шарт бойынша өтеу кезектілігін өзгертуге құқылы.

6.11. Микрокредитті ішінара-мерзімінен бұрын өтеу Қарыз алушының жазбаша өтініші, оның ішінде МҚҰ-ның ақпараттандыру объектілері арқылы берілген өтініші негізінде іске асырылады. МҚҰ қызметкерімен негізгі қарызды азайта отырып, төлемдерді қайта есептеу жүргізіледі, содан кейін жаңа төлем кестесі қалыптастырылады. Бұл ретте Қарыз алушы микрокредитті ішінара-мерзімінен бұрын өтеу күніне есептелген сыйақыны төлейді.

МҚҰ ақпараттандыру объектілері арқылы жіберілетін жаңа төлем кестесіне, МҚҰ уәкілетті өкілінің және Қарыз алушының қол қоюы талап етілмейді

6.12. Қарыз алушы жазбаша өтініші, оның ішінде МҚҰ-ның ақпараттандыру объектілері арқылы берілген өтініші негізінде микрокредитті толығымен мерзімінен бұрын өтеуге құқылы. Бұл жағдайда микрокредит сомасымен бір мезгілде ақша қаражаттарын пайдаланудың нақты мерзіміне сүйене отырып, сыйақы төленеді**.**

7. МҚҰ қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

7.1. Қарыз алушының/Қосалқы қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін орындауы жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік кепілімен, заңды немесе жеке тұлғалардың кепілдіктерімен, қарыз алушылар тұлғалар тобының кепілдіктерімен және/немесе кепілгерлікпен немесе ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген кез келген өзге де тәсілдермен қамтамасыз етілуі мүмкін.

7.2. Қарыз алушының/Қосалқы қарыз алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз етудің жоғарыда аталған барлық тәсілдері тиісті шарттармен (кепіл, кепілдік, кепілгерлік және т.б.) ресімделуге және қол қойылуға тиіс.

7.3. Құқық қабілетті және әрекетке қабілетті жеке немесе заңды тұлға, оның ішінде Қарыз алушы, кепіл беруші, кепілгер бола алады.

7.4. Берілген микрокредит бойынша Қарыз алушының/Қосалқы қарыз алушының міндеттемелерін толық немесе ішінара орындағаны үшін ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болуға дайын үшінші тұлға - жеке немесе заңды тұлға кепілгер немесе кепілгер бола алады.

7.5. Кепіл беруші Қарыз алушының/Қосалқы қарыз алушының өзі, сонымен қатар ұсынылатын кепілдің меншік иесі болып табылатын үшінші тұлға-жеке немесе заңды тұлға бола алады.

7.6. Азаматтық айналымнан алынған және Қазақстан Республикасының заңнамасымен пайдалануға тыйым салынған объектілерді қоспағанда, үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарынан бос өтімді мүлік (жылжымалы, жылжымайтын) қамтамасыз ету ретінде қабылданады.

7.7. Кепілзат, кепілдік, кепілгерлік шартын ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесі кепіл түріне, микрокредит өнімдердің шарттарына қарай және МҚҰ басқа құжаттарымен анықталады.

7.8. Кепіл нысанасын бағалауды жүргізуді тиісті лицензиялары бар тәуелсіз бағалау ұйымдары жүзеге асырады, жекелеген жағдайларда тараптардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келмейтін

келісімімен айқындалады.

7.9. Кепіл шартта сондай-ақ кепілге қойылған мүліктің қай тараптың иелігінде екендігі және оны пайдалануға жол берілетіндігі көрсетілуі тиіс.

7.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік кепілі жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс.

7.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Кепіл берушіге берілген кепілге салынған мүлікті сақтандыру міндеті жүктелуі мүмкін.

7.12. Қарыз алушы/ Қосалқы қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, заңнамаға сәйкес МҚҰ құқылы:

- кепіл мүлкін соттан тыс сатуды жүргізуге;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кепіл мүлкін өндіріп алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де шараларды қабылдауға.

8. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары

8.1. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу:

1) микрокредит беру туралы шартты, микрокредитті беру туралы шартқа қосымша келісімдер жасалған күнге;

2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомаларын (көлемін) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соқтыратын микрокредитті беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүргізіледі.

8.2. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомаларын (көлемін) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соқтыратын микрокредитті беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтылғанған мәнін есептеу Қарыз алушының микрокредитті беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бері жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмағанда, шарттар өзгертілген күнге қарай берешектің қалдығына, микрокредитті өтеудің қалған мерзіміне сүйене отырып, жүргізіледі.

8.3. Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде, Қағидалардың 8.1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтары (талаптары) берілген үшінші тұлға жүргізеді.

8.4. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мына формуламен есептеледі:

$$\sum_{j=1}^{n} \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^{m} \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n – қарыз алушыға соңғы төлемнің рет нөмірі;

j – қарыз алушыға төлемнің рет нөмірі;

Sj – қарыз алушыға j-шітөлемнің сомасы;

APR – жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

tj – микрокредитті берген күннен бастап қарыз берушіге j-шітөлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m – қарыз алушының соңғы төлемінің рет нөмірі;

i – қарыз алушының төлемінің рет нөмірі;

Pi – қарыз алушының і-ші төлемінің сомасы;

ti – микрокредитті берген күннен бастап қарыз алушының і-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен).

8.5. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның оннан астам белгісі болса, ол былайша оныншы үлестерге дейін дөңгелектеуге жатады:

1) егер жүзден бір бөлік 5-тен үлкен немесе тең болса, ондық бөлік 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық таңбалар жойылады;

2) егер жүзден бір бөлік 5-тен аз болса, ондық бөлік өзгеріссіз қалады, оның артындағы барлық таңбалар жойылады.

8.6. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарттың негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі талаптарын сақтамауға байланысты туындаған төлемдерін (айыппұлын, өсімақысын) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

8.7. Қарыз алушылардың жүргізген төлемдері олардың нақты төленген күндеріне жылдық тиімді сыйақы мөлшермелесін есептеу мақсатында, болашақтағы төлемдері төлем кестесі бойынша есепке алынады.

9. Микрокредитті өтеу әдістері

9.1. Өтініш берушінің таңдауы бойынша және тиісті микрокредиттік өнімнің шарттарына сәйкес төменде көрсетілген өтеу әдістерінің біріне сай микрокредитті өтеу кестесі әзірленеді:

✓ сараланған төлемдер әдісі – мұнда микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз бойынша төлемдердің тең сомаларын және кезеңде негізгі қарыздың қалдығына есептелген сыйақыны қамтитын азайтылған төлемдермен іске асырылады;

✓ аннуитеттік төлемдер әдісі - мұнда микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі қарыз бойынша ұлғайтылған төлемдерді және кезеңдегі негізгі қарыздың қалдығына есептелген сыйақы бойынша азайтылған төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі бойына тең төлемдермен іске асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің көлемдері басқалардан ерекшеленуі мүмкін;

✓ өтеудің икемді әдісі - мұнда негізгі қарызды және сыйақыны өтеу Өтініш берушінің өтінішіне сәйкес Кредиттік комитеттің шешімі бойынша белгіленуі мүмкін.

10. Клиенттердің микрокредит беру процесінде туындайтын жолданымдарын қарау тәртібі

10.1. МҚҰ қызметкері Клиенттердің/Өтініш берушілердің мынадай (бұдан әрі – Өтініш беруші):

1) қолма-қол, пошта байланысы, МҚҰ-ның электрондық поштасына және ақпараттандыру объектілеріне келіп түскен жазбаша жолданымдармен;

2) телефон арқылы және Өтініш беруші МҚҰ-на тікелей барған кезде келіп түскен ауызша жолданымдармен жұмыс жүргізеді.

10.2. Өтініш берушілердің жазбаша жолданымдары МҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес деректемелері бар жазбаша жолданымдарын МҚҰ қызметкері тіркеу журналында тіркейді.

10.3. МҚҰ қызметкері Өтініш берушіге оның жазбаша жолданымының қағаз тасымалдағышта, қолға беру арқылы қабылданғанын растайтын құжат береді не жолданымның көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Жолданымдарды қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

10.4. МҚҰ-ның ақпараттандыру объектілері арқылы келіп түсетін Өтініш берушілердің жолданымдары МҚҰ қызметкері МҚҰ-ның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен

тіркейді.

10.5. Өтініш берушілердің телефон арқылы жолданымдары тіркеледі. Клиентпен телефон арқылы сөйлесулерді жазу бұл туралы әңгіме басында хабарлаған кезде оның келісімімен жүргізіледі.

10.6. МҚҰ-на ауызша нысанда (телефон арқылы немесе Өтініш беруші МҚҰ-на жеке өзі барған кезде) келіп түскен жолданымдар МҚҰ қызметкерімен дереу қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, онда Өтініш берушінің ауызша жолданымына жауап дереу беріледі. Егер ауызша жолданымды дереу шешу мүмкін болмаса, оны Өтініш беруші жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша жолданым ретінде жұмыс жүргізіледі. Өтініш берушіге жауап алу үшін қажетті рәсімдер туралы және осындай жолданымдарды қарау мерзімдері туралы хабарланады.

10.7. Жолданымды қарау кезінде ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, МҚҰ қызметкері Өтініш берушіден қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.

10.8. Өтініш берушінің жолданымын қарау мерзімі жолданым МҚҰ-на келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

Жолданымның дұрыс қаралуы үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігі болған жағдайда жолданымды қарау МҚҰ-ның уәкілетті органының жазбаша шешімімен 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады. Өтініш беруші жолданымды қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде мерзімнің ұзартылғаны туралы хабардар болады.

10.9. МҚҰ қызметкері жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын объективті түрде, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, Өтініш берушілерге олардың жолданымдарын қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

МҚҰ қызметкері жолданымды қарау нәтижелері туралы Өтініш берушіге жазбаша жауап қазақ тілінде немесе жолданым берілген тілде береді және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормаларына, МҚҰ-ның ішкі құжаттарына, қаралатын мәселеге қатысы бар шарттарға сілтеме жасай отырып, Өтініш беруші баяндаған әрбір өтінішке, талапқа, өтінішхатқа, ұсынымға және өзге де сұраққа негізделген және уәжді дәлелдерді, сондай-ақ Өтініш берушінің қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, қаралатын мәселенің нақты мән-жайларын қамтиды.

10.10. Өтініш беруші жолданымының негізділігі мен заңдылығы жағдайында МҚҰ-ның уәкілетті органымен Өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықты жою және қалпына келтіру туралы шешім қабылданады.

10.11. Жазбаша жолданымға жауапқа МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы қол қояды.

Қағидалардың 10.2.-тармағы екінші бөлігінің үшінші, төртінші және бесінші абзацтарында көзделген тәсілдермен жіберілетін жазбаша жолданымға берілген жауапқа МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасының қол қоюы талап етілмейді.

10.12. Өтініш берушінің жазбаша жолданымына жауап беру микрокредит беру туралы шартта және өзге де шарттарда көзделген тәсілмен жүргізіледі.

Жауап Өтініш берушіге:

- микрокредит беру туралы шартта немесе өзге шартта, Өтініш берушінің жолданымында көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Өтініш берушінің кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған;

- микрокредит беру туралы шартта немесе өзге шартта, Өтініш берушінің жолданымында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- мәтіндік SMS-хабар немесе жауабы бар push-хабарлама жіберу не Өтініш берушіге жауаптың толық мәтінін қамтитын интернет-ресурсқа сілтеме жасау арқылы;

- немесе Өтініш берушінің жауап алуын тіркеуді қамтамасыз ететін микрокредит беру туралы шартта немесе өзге шартта көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілген жағдайда, жеткізілген болып саналады.

Өтініш беруші (оның уәкілетті өкілі) МҚҰ-на келген кезде МҚҰ қызметкері жауапты

жеке қолына қолын қойғыза отырып тапсырады, бұл туралы осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда, жазбаша жолданымдарды тіркеу журналында белгі қойылады.

Адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгісі бар немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты жауапты қайтарған жағдайда, жауап тиісті түрде берілген болып есептеледі.

10.13 Микрокредит беру туралы шартқа қызмет көрсету кезеңінде МҚҰ Қарыз алушының сұрау салуы бойынша (Заңда көзделген микрокредит беру құпиясын жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған:

1) МҚҰ-на төленген ақша сомасы;

2) мерзімі өткен берешектің мөлшері (бар болса);

3) борыш қалдығы;

4) кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімдері туралы мәліметтерді ұсынады.

10.14. Қарыз алушының өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін МҚҰ өтеусіз, өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде берешектің жоқтығы туралы анықтаманы жазбаша нысанда немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен ұсынады.

10.15. Қарыз алушының өтініші бойынша МҚҰ 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына 1 (бір) реттен жиі емес Қарыз алушының келіп түскен ақшасын микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне бөлу туралы жазбаша нысанда немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен ұсынады.

10.16. Қарыз алушының МҚҰ-на микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша МҚҰ 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда оған қайтарылуға тиесілі соманың мөлшерін хабарлайды.

10.17. Егер микрокредит беру туралы шартта көзделген жағдайда, МҚҰ мерзімді негізде Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен Қағидалардың 10.13. - тармағында көзделген мәліметтерді ұсынады.

10.18. Қағидалардың 10.13.-10.16. -тармақтарында көзделген мәліметтер негізгі борыштың, сыйақының, айыпақының (айыппұл, өсімпұл), сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомалардың сомасын көрсете отырып ұсынылады.

11. МҚҰ мен Клиенттердің құқықтары мен міндеттері және олардың жаупкершілігі

11.1. МҚҰ құқылы:

1) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) Заңға сәйкес беруге;

2) қағидаларда айқындалған, микрокредит беру туралы шартты жасау және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) сұратуға;

3) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыруға;

4) Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

11.2. МҚҰ міндетті:

1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ Қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) МҚҰ-ның орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушы (өтініш беруші) – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және Қарыз алушы (өтініш беруші) – заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпарат жариялау арқылы не мұндай

өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір Қарыз алушыны (өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету арқылы жазбаша хабарлауға;

2) микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін МҚҰ Қарыз алушысының (өтініш берушісінің) көруі және онымен танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҰҚ-ның интернет-ресурсы орналастыруға;

3) өтініш берушіге микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге;

4) микрокредит беру туралы шартты жасасқанға дейін өтініш берушіге микрокредитті өтеу әдісімен танысу және оны таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын беруге;

5) Қарыз алушыға (өтініш берушіге) микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы ақпарат беруге;

6) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді хабарлауға;

7) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;

8) микрокредит беру құпиясын сақтауға;

9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, МҚҰ Қарыз алушысының борыштық жүктемесі коэффициентін есептеу тәртібін және оның шекті мәнін сақтауға;

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсынуға;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциялық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы есептілікті ұсынуға.

11.3. МҚҰ құқылы емес:

1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) Банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредитті беруге;

Осы тармақшада белгіленген талап жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарызын және (немесе) микрокредитін өтеу мақсатында сыйақы мөлшерлемесін және (немесе) мерзімді төлемдер мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуді және (немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуді немесе толық жоюды көздейтін жақсарту талаптарында берілетін микрокредиттерге, сондай-ақ ломбардтардың міндетті тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлікті кепілге қойып беретін микрокредиттеріне қолданылмайды;

3) микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін, МҚҰ алған жеке тұлғаның кредиттік есебінде оның микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуын белгілегені туралы ақпарат болған кезде оған микрокредиттер беруге.

4) жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз, тіркелуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредиттерді беруге, келісімді алу тәртібі және келісім қажет болатын тұтынушылық микрокредиттің ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады;

5) бұрын алынған микрокредиттер және (немесе) банктік қарыздар туралы ақпарат кредиттік есебінде жоқ жеке тұлғамен мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредитті беру туралы шартты МҚҰ-да өзінің қатысуынсыз жасауға.

Жасасу үшін жеке тұлғаның өзінің қатысуы қажет болатын тұтынушылық микрокредит шарты бойынша микрокредиттің ең төмен мөлшері уәкілетті органның Заңның 4-бабының 3-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

6) микрокредит беру туралы шешім қабылдағанға дейін алған, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілердің кредиттік есебінде оны мерзімді әскери қызметке шақыру туралы ақпарат болған кезде, осындай әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызметті өткеруі кезеңінде микрокредиттер беруіне тыйым салынады.

7) микрокредит сомасын қайтару және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақыны және (немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемді белгілеуге және қарыз алушыдан (өтініш берушіден) алуға;

8) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит бойынша сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемді белгілеуге және қарыз алушыдан (өтініш берушіден) алуға;

9) жеке тұлға болып табылатын, микроқаржы ұйымына микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;

10) кепілге салынған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге;

11) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жатқызылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

Осы тармақшаның талабы микрокредит беру туралы шартқа, егер оны жасасу күні негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген болса, қолданылмайды;

12) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күні өткен соң есепке жазылған сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге;

13) микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушыдан борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттарды жасасуға, сондай-ақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға;

14) "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық әрекеттер жасау үшін жүгінуге;

15) жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін талаптармен ұлғайтуға.

11.4. Өтініш беруші құқылы:

1) микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ-ның микрокредиттер беру тарифтерімен

танысуға;

2) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат алуға;

3) микрокредит беру туралы шарт жасасудан бас тартуға.

4) Өтініш беруші Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

11.5. Қарыз алушы құқылы:

1) микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ-ның микрокредиттер беру тарифтерімен танысуға;

2) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат алуға;

3) алған микрокредитке микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге;

4) өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғауға;

5) микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын МҚҰ-на мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

6) Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

11.6. Қарыз алушы міндетті:

1) микрокредит беру туралы шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны төлеуге;

2) МҚҰ-на микрокредит беру туралы шарт және Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін шарттар жасасу үшін қажетті, микрокредит алуға қажетті құжаттардың тізбесінде, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік дерекнаманы жүргізу тәртібінде айқындалған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

3) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

11.7. Тараптардың жауапкершілігі:

1) Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бұзғаны үшін Тараптар микрокредит беру туралы шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

2) Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемдерді кешіктіргені үшін, микрокредит беру туралы шартты жасасу үшін және микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін толық жауапты болады.

3) МҚҰ Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындауды және бір мезгілде микрокредиттің қалған өтелмеген сомасын және ол бойынша өтеу кестесіне сәйкес есептелген сыйақыны және төменде көрсетілген талаптардың кез келгенін бұзғаны үшін микрокредит беру туралы шарт бойынша төлеуге жататын өзге де сомаларды толық көлемде қайтаруды талап етуге құқылы:

✓ мәліметтерді жасыру және/немесе Қарыз алушы микрокредит беруге әсер ететін анық емес ақпаратты ұсынған кезде;

✓ Қарыз алушы микрокредиттің нысаналы пайдаланылуына және Қарыз алушының қаржы-шаруашылық жағдайына МҚҰ өкілі тарапынан бақылаудан жалтарған не кедергі келтірген кезде;

✓ егер Қарыз алушы микрокредитті мақсатсыз пайдалануға жол берсе немесе жол берілсе;

✓ Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлғалар жасаған, Қарыз алушының микрокредитті қайтару және/немесе өтеу кестесі бойынша сыйақы төлеу мерзімдерін бұзуына және/немесе Кепіл нысанасының жоғалуына/жойылуына/жоғалуына әкеп соққан

не әкеп соғуы мүмкін алаяқтық фактілері анықталған жағдайда;

✓ Қарыз алушы ұсынған құжаттар бойынша қолдардың, мөрлердің және т. б. сәйкес келмеу/ қолдан жасау фактілері анықталған жағдайда;

✓ Қарыз алушының Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің қолданыстағы заңнамасын бұзуы, Қарыз алушының Кепіл нысанасының жоғалуына/жоюна/ жоқ болуына әкеп соғуы мүмкін сот процестеріне тартылуы, төлем қабілеттілігінің төмендеуіне немесе Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерінің орындалуына өзге де теріс әсер етуі мүмкін фактілері анықталған жағдайда;

✓ Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Кепіл нысанасын белгіленген мерзімдерде тиісті түрде ресімдемеген жағдайда;

✓ Кепіл нысанасын ауыстыру, қосымша қамтамасыз ету бойынша қойылған талаптар орындалмаған жағдайда, сондай-ақ басқа да жағдайларда, егер Қарыз алушының міндеттемелері әртүрлі себептермен қамтамасыз етілмеген болып шықса (немесе оның нақты қаупі бар болса);

✓ Қарыз алушыны төлем қабілетсіз деп тану қаупі болса;

✓ МҚҰ қызметін реттейтін органдар тарапынан пруденциалдық нормативтерді және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, оның ішінде МҚҰ-ның микрокредит беру туралы шартты тиісінше орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын өзгеруі;

✓ заңнамалық актілерде және/немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда.

12. Төлемге қабілетсіз Қарыз алушылармен жұмыс істеу тәртібі

12.1. Ммикрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізу болған кезде МҚҰ қызметкері Қарыз алушыны Заңның 9-2-бабының 1-тармағына сәйкес хабардар етеді.

Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген немесе Қарыз алушы микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушының тұрғылықты жері (орналасқан жері) бойынша жіберілетін қабылданған міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешектің болуы туралы МҚҰ хабарлаған хабарлама, жазбаша нысанда ресімделеді.

12.2. МҚҰ қызметкерінің мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) микрокредит беру туралы шарт шеңберінде МҚҰ-мен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы:

1) жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде, егер өзге уақыт, кезеңділік және күн (демалыс және (немесе) мереке күндері) Қарыз алушымен келісілген болмаса, Қарыз алушының тұрғылықты жері не Қарыз алушының орналасқан орны не тіркелген жері бойынша не МҚҰ-ның үй-жайында аптасына үш реттен артық емес және жұмыс күні бір реттен артық емес;

2) МҚҰ қызметкерінің бастамасы бойынша телефон арқылы келіссөздер жүргізу арқылы жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде үш реттен артық емес және демалыс және мереке күндері сағат 9.00-ден 19.00-ге дейінгі кезеңде екі реттен артық емес, оның ішінде интернет желісінде қоңырау шалуға арналған қосымшалардың немесе автоматты дыбыстық хабарландыруды орындау үшін бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып, әрбір өзара іс-қимыл жасау кезінде ұйымның атауын, оның орналасқан орнын, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын хабарлай отырып, жүзеге асырылады.

МҚҰ қызметкерінің осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұлға болып табылмайтын үшінші тұлғамен өзара іс-қимылына мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу үшін қарыз алушының орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін белгілеу мақсатында осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тәсілдермен және

кезеңде, сондай-ақ өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын хабарлаған жағдайда жол беріледі.

12.3. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішпен МҚҰ-на жүгінген жағдайда МҚҰ қызметкері микрокредит беру туралы шартты өзгертудің ұсынылған талаптарын "Қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау қағидаларын, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесін, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23630 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысында белгіленген тәртіппен қарайды.

12.4. Микрокредит беру туралы шартта МҚҰ-ның микрокредит беру туралы шарт (құқықты (талаптарды) басқаға беру шарты) бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға беру құқығы көзделген жағдайда, МҚҰ:

1) құқықты (талапты) басқаға беру шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушы-жеке тұлғаны микрокредит беру туралы шартта көрсетілген шарт бойынша МҚҰ-ның құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға жоспарланып отырған беру туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ МҚҰ-на клиент-жеке тұлғаны "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген идентификаттау құралдарын пайдалану арқылы идентификаттауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы қарыз алушының дербес деректерін өңдеу (беру) туралы хабардар етеді;

2) Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы микрокредит беру туралы шарт бойынша үшінші тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері) төлемдерді одан әрі жүзеге асыру қажеттілігін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, айыпақы (айыппұл, өсімпұл) және төленуге тиіс басқа да сомаларды көрсете отырып, басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) өткен ауысуы туралы хабардар етеді.

13. Қорытынды ережелер

13.1 Осы Қағидалардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

13.2. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МҚҰ қатысушылары жиналысының Хаттамасымен енгізілуі мүмкін.

13.3. Осы Қағидаларда көзделмеген өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі, Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарымен және МҚҰ-ның ішкі құжаттарымен.